

"Aktobe metiz" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 411 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, 2023 жылғы 26 маусымдағы № 2049-ЕЛ қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензиясына сәйкес, "Aktobe metiz" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтініші негізінде, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, "Aktobe metiz" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы кенті жерінде пайдалы қатты қазбаларды барлау операцияларын жүргізу мақсатында, жалпы көлемі- 326,0541 га меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай, 2029 жылдың 26 маусымға дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Жер пайдаланушы- "Aktobe metiz" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы ауданының әкімі

Ә.Арғынов

Қарқаралы ауданының әкімдігінің
2024 жылғы "20" желтоқсандағы
№ 411 қаулысына қосымша

"Aktobe metiz" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	жария сервитут белгіленуге жататын учаскелердің
---	-----------------	--------------------	------------------	---

				бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Қарқаралы ауданы Қарағайлы кенті	09-133-		326,0541 га
	Барлығы:			326,0541 га

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК